

Шетелде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 11-1-4/192 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 15 маусымда № 20857 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 04.01.2023 № 11-1-4/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 179-бабының 1) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 04.01.2023 № 11-1-4/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Шетелде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу саласында мемлекеттік қызметтер көрсету, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 04.01.2023 № 11-1-4/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мыналардың:

1) "Шетелде Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 11-1-4/183 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17089 болып тіркелген, 2018 жылғы 28 маусымда "Әділет" құқықтық ақпараттық жүйесінде жарияланған);

2) "Шетелде Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2018 жылғы 22 қазандағы № 11-1-4/475 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17709 болып тіркелген, 2018 жылғы 28 маусымда "Әділет" құқықтық ақпараттық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Цифрландыру департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрі

М. Тілеуберді

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
2020 жылғы 12 маусымдағы №11-1-4/
192 бұйрығымен бекітілген

Шетелде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 04.01.2023 № 11-1-4/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Шетелде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу саласында мемлекеттік қызметтер көрсету, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Неке (ерлі - зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі –

Кодекс), "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының шет елдерде мекемелерінің: "Шетелде баланың тууын мемлекеттік тіркеу", "Шетелде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу", "Шетелде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу", "Шетелде қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу", "Шетелде азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру" мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы қағидалардың 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерімен (бұдан әрі – көрсетілетін мемлекеттік қызметті беруші) көрсетіледі.

3. "Шетелде баланың тууын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет (бұдан әрі – тууды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет) көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 1-қосымшасында келтірілген.

4. "Шетелде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет (бұдан әрі – неке қиюды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет) көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 2-қосымшасында келтірілген.

5. "Шетелде некені бұзуды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет (бұдан әрі – некені бұзуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет) көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 3-қосымшасында келтірілген.

6. "Шетелде қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет (бұдан әрі – қайтыс болуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет) көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 4-қосымшасында келтірілген.

7. "Шетелде азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру" мемлекеттік қызмет (бұдан әрі – қайталама куәліктер беру бойынша мемлекеттік қызмет) көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге

де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 5-қосымшасында келтірілген.

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы Қағидаларға өзгерістер енгізілген және (немесе) толықтырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды жанартып, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына және Бірыңғай байланыс-орталығына жолдайды.

2-тарау. "Шетелде баланың тууын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

9. Баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушіге немесе "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық түрде (қазақстандық үлгідегі неке қию туралы куәлігі бар, ата-анасы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын баланың тууын тіркеу үшін) тууды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген қажетті құжаттармен қоса көрсетілетін қызметті берушіге ата-аналары немесе басқа да мүдделі адамдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) баланы туған күннен бастап екі айдан кешіктірмей, ал бала өлі туған жағдайда, туу сәтінен бастап бес тәуліктен кешіктірмей береді.

Өтініште баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) Кодекстің 63 және 194-баптарындағы талаптарына сәйкес көрсетіледі.

Баланың тууын тіркеу бойынша негіздеме Кодекстің 187-бабының талаптарына сәйкес қабылданады.

Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші "салыстыру үшін" белгісімен тууды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттардың көшірмелерін жасайды, содан кейін құжаттардың түпнұсқаларын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Тууды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде бес жұмыс күнін және портал арқылы өтініш берген кезде үш жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушы порталға жүгінген кезде тууды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылдану мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ тууды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін алу күні мен уақытын көрсетумен хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

10. Көрсетілетін қызметті алушымен құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және/немесе құжаттардың жарамдылық мерзімінің өткендігі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Жіберілген кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттар жалпы негіздерде қайта беріледі.

11. Көрсетілетін қызметті алушы тізімде көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес қабылдауды және өтініштерді есепке алу журналында тіркеуді жүзеге асырады және өтініш берушіге оны алған күні, қабылдаған адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) және құжаттар топтамасын қабылдау уақыты көрсетілген тіркеу туралы белгісі бар өтініш бланкісінің жыртып алынатын талонын береді.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды ұсынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде алынған құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді және екі жұмыс күні ішінде деректерді азаматтық хал актілерінің ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – АХАЖ АЖ) енгізеді. АХАЖ АЖ-ға қолжетімділік болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыдан қабылданған құжаттардың электрондық көшірмелерін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментінің (бұдан әрі – ҚР СІМ КҚД) жауапты қызметкеріне деректерді АХАЖ АЖ-ға енгізу үшін электрондық пошта арқылы жібереді.

АХАЖ АЖ-да мемлекеттік тіркелгеннен кейін көрсетілетін қызметті беруші актілік жазбаны екі данада басып шығарады және туу туралы куәлікті қалыптастырады. Акт жазбасы мұрағатқа АЖ АХАЖ арқылы жіберіледі.

Бір жасқа толған және одан үлкен баланың тууын мемлекеттік тіркеу осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті беруші жасаған баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы қорытындының негізінде жүргізіледі.

Шетелде баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш портал арқылы түскен кезде көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде алынған құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді және келесі жұмыс күні ішінде деректерді АХАЖ АЖ-ға енгізеді. АХАЖ АЖ мемлекеттік тіркелгеннен кейін көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде актілік жазбаны екі данада басып шығарады және туу туралы куәлікті қалыптастырады.

Туу туралы куәлікте көрсетілген мәліметтер осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Елтаңбалық бланкілерді беру" журналына (бұдан әрі - шығыс журналы) енгізіліп, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға туу туралы куәлікті немесе тууды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту жөнінде дәлелді жауап береді.

Тууды тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негізі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға екі күнтізбелік күн ішінде тууды тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас

тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша позициясын білдіруіне мүмкіндік беру үшін өткізілетін тыңдаудың уақыты, күні мен орны туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама тууды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші туу туралы куәлік береді немесе тууды тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

12. Тууды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту тууды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

13. Министрлік Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

14. Көрсетілетін қызметті алушыдан қабылданған құжаттар, сондай-ақ баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы акті жазбалары мен қорытындылардың екі данасы (бар болса) бір апталық мерзімде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Астана қаласы Әділет департаментіне мұрағатқа сақтауға жіберіледі.

15. Егер бала туған кезде туған баланың ата-анасы бір-бірімен некеде тұрмаса (ерлі-зайыпты болмаса), көрсетілетін қызметті берушіге баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен бір мезгілде осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ата-анасы әке болуды анықтауға байланысты тууды мемлекеттік тіркеу туралы актілік жазбаға өзгерістер, толықтырулар енгізу туралы бірлескен өтініш береді және оған қоса берілетін құжаттардың дұрыс толтырылуы тексеруге жатады.

Әке болуды анықтау фактісі тиісті өзгерістер, толықтырулар енгізу арқылы тууды мемлекеттік тіркеу туралы актілік жазбада көрсетіледі.

16. АХАЖ АЖ-да бір мезгілде тууды мемлекеттік тіркеу және әке болуды анықтауға байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде туу туралы актілік жазбалар әке болуды анықтауға байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізуден кейін екі данада басып шығарылады және АХАЖ АЖ-да "белгілер үшін" деген бағанда тиісті ақпарат енгізіледі.

Мұндай жағдайда баланың туу туралы куәлігі әке болуды анықтауға байланысты енгізілген өзгерістер, толықтырулар ескеріле отырып беріледі.

17. Баланың ата-анасының бірлескен өтініші негізінде әке (ана) болуды анықтауға байланысты тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтініштерді өкілдер арқылы қабылдауға жол берілмейді.

3-тарау. "Шетелде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

18. Некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге неке қиюды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес жазбаша нысанда немесе порталға электрондық нысанда (Қазақстан Республикасының азаматтары арасындағы некені алғашқы тіркеу үшін) некеге тұру (ерлі-зайыпты болу) туралы өтініш береді.

Кодекстің 11-бабында көрсетілген адамдар арасында неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) жол берілмейді.

Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші "салыстыру үшін" белгісімен неке қиюды бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттардың көшірмелерін жасайды, содан кейін құжаттардың түпнұсқаларын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеуді неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы бірлескен өтініш берілгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін күнтізбелік он бесінші күні жүргізеді.

Егер мерзімнің аяқталуы жұмыс күніне тура келмесе, онда одан кейінгі жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып есептеледі.

Көрсетілетін қызметті алушы порталға жүгінген кезде неке қиюды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылдану мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ неке қиюды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін алу күні мен уақытын көрсетумен хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

19. Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті толтыру кезінде мәліметтерді және/немесе құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады және құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Жіберілген кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттар жалпы негіздерде қайта беріледі.

20. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдайды және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес өтініштердің есебін жүргізу журналына тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға өтініш бланкісінің жыртып алынатын талонын береді.

Өтінішті қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) ниет білдірген адамдарға оны тіркеу тәртібі мен шарттарын, олардың болашақ

ерлі-зайыптылар мен ата-аналар ретіндегі құқықтары мен міндеттерін, өзара келісім бойынша медициналық тексеру жүргізу құқығы туралы, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың некедегі (ерлі-зайыптылықта) және ол бұзылған жағдайда мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын неке шартын жасасу құқығы туралы түсіндіреді.

Некеге тұруға (ерлі-зайыпты болуға) ниет білдірген адамдардың келісімі бойынша көрсетілетін қызметті беруші күнтізбелік он бес күн өткеннен кейін некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеу уақытын (күнін және уақытын) белгілейді, бұл туралы өтініште белгі қойылады.

Неке жасына толмаған адамдардың некесін қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезінде некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірушілер және олардың ата-аналары не қамқоршылары неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету қажеттілігін туындататын себептерді көрсете отырып және неке қиюды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген қажетті құжаттармен қоса, осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы өтініш береді.

Осы құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Кодекстің 10-бабының 2-тармағында көрсетілген дәлелді себептер бар болса, көрсетілетін қызметті беруші неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы шешім қабылдайды, бұл туралы көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы қорытынды жасайды.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тапсырған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде алынған құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді және неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеудің белгіленген күні АХАЖ АЖ-да мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады (АХАЖ АЖ-ға қолжетімділік болған кезде), екі данада актілік жазбаны басып шығарады және неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлікті немесе бас тарту туралы дәлелді жауап береді. Тіркеу кезінде акт жазбасы АХАЖ АЖ арқылы мұрағатқа жіберіледі.

Өтінішті портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті беруші үш жұмыс күні ішінде алынған құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді және көрсетілетін қызметті алушыға некені тіркеу күні мен уақыты көрсетілген хабарламаны не неке қиюды тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдайды. Некені тіркеудің белгіленген күні көрсетілетін қызметті беруші АХАЖ АЖ-ға деректерді енгізеді және актілік жазбаны екі данада басып шығарады және неке қию туралы куәлікті қалыптастырады.

Неке қиюды тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негізі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға екі күнтізбелік күн ішінде неке қиюды тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден

бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша позициясын білдіруіне мүмкіндік беру үшін өткізілетін тыңдаудың уақыты, күні мен орны туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама неке қию бойынша мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік береді немесе неке қию бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

21. Некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу некеге отыратын адамдардың қатысуымен жүргізіледі.

Некеге тұратын адамдар көрсетілетін қызметті берушіге жеке басын куәландыратын құжаттармен немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатпен бірге белгіленген неке қиюды тіркеу күні келуге міндетті. Белгіленген күні некеге отыратын адамдар не олардың біреуі келмеген жағдайда, неке қию туралы акт жазбасы келесі күнтізбелік жұмыс күні күшін жоюға жатады.

Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік өтініш берушіге онда көрсетілген мәліметтер шығыс журналына енгізілгеннен кейін беріледі.

22. Некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу кезінде, егер ерлі-зайыпты некеге дейінгі тегін басқа жұбайының тегіне ауыстыруға ниет білдірсе, неке (ерлі-зайыптылықты) қию туралы акті жазбасында таңдалған ортақ тегі көрсетіледі.

Тегін басқа жұбайының тегіне өзгерту кезінде жұбайының тегі ұлттық дәстүрлерге сай берілген болса, оның тегі оның жынысына сәйкес және жұбайының (зайыбының) тегінің түпкі негізін сақтай отырып, ұлты әр түрлі адамдардың тегінің дұрыс жазылуына сәйкес айқындалады.

Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік өтініш берушіге онда көрсетілген мәліметтер шығыс журналына енгізілгеннен кейін беріледі.

23. Неке қиюды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту неке қиюды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

24. Министрлік Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

25. Көрсетілетін қызметті алушыдан қабылданған құжаттар, сондай-ақ акті жазбалардың екі данасы мен қорытынды (бар болса) бір апталық мерзімде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Астана қаласы Әділет департаментіне мұрағатқа сақтауға жіберіледі.

26. Өкілдер арқылы неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуге жол берілмейді. Неке қию туралы куәлік үшінші тұлғалардың қолына берілмейді.

4-тарау. "Шетелде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

27. Кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өзара келісімі бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініші бір-біріне мүліктік даулар мен өзге де наразылықтар болмаған кезде осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес жазбаша нысанда немесе порталға электрондық нысанда (қазақстандық үлгідегі неке қию туралы куәлігі бар Қазақстан Республикасының азаматтары арасындағы некені бұзуды тіркеу үшін) беріледі. Ерлі-зайыптылардың біреуінің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініші (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) Қазақстан Республикасы сотының жұбайын хабар-ошарсыз кетті, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы заңды күшіне енген шешімі, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін жұбайын кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға соттау туралы Қазақстан Республикасы сотының үкімі негізінде осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушіге неке бұзуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген қажетті құжаттарды қоса береді.

Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші "салыстыру үшін" белгісімен неке бұзуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттардың көшірмелерін жасайды, содан кейін құжаттардың түпнұсқаларын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Некені бұзуды тіркеу бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды бірлескен өтініш берген күннен бастап бір ай мерзім өткеннен кейін көрсетіледі.

Егер ерлі-зайыптылар некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу үшін өздеріне белгіленген күні Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіне келе алмаса, олар Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіне некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтінішпен қайтадан жүгіне алады, ол некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу үшін тағы бір айлық мерзім тағайындайды.

Хабар-ошарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз деп танылған немесе қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адаммен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу екінші жұбайының көрсетілетін қызметті берушіден қамаудағы не әрекетке қабілетсіз жұбайының қорғаншысынан немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған жұбайының мүлкіне қорғаншыдан хабарлама алған күннен бастап қырық бес күн мерзім өткен соң жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы порталға жүгінген кезде некені бұзуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылдану мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ некені бұзуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін алу күні мен уақытын көрсетумен хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

28. Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті толтыру кезінде мәліметтерді және/немесе құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады және құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттар жалпы негізде қайта тапсырылады.

29. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтінішті қабылдауды және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес өтініштерді есепке алу журналында тіркеуді жүзеге асырады, онда көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), өтінішті қабылдау күні, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу үшін тағайындалған күні, сондай-ақ кейіннен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы актілік жазбаның нөмірі көрсетіледі.

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініш тіркелгеннен кейін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға өтініш бланкісінің жыртып алынатын талонын береді.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тапсырған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде алынған құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді және некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеудің белгіленген күні АХАЖ АЖ-да мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады (АХАЖ АЖ-ға қолжетімділік болған кезде), екі данада актілік жазбаны басып шығарады және некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлікті не бас тарту туралы дәлелді жауапты қалыптастырады. Тіркеу кезінде акт жазбасы АХАЖ АЖ арқылы мұрағатқа жіберіледі.

Өтінішті портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті беруші үш жұмыс күні ішінде алынған құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді және көрсетілетін қызметті алушыға некені бұзу күні мен уақыты көрсетілген хабарламаны не некені бұзуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдайды. Некені бұзудың белгіленген күні көрсетілетін қызметті беруші ерлі-зайыптылардың екеуінің қатысуымен АХАЖ АЖ-ға деректерді енгізеді, актілік жазбаны екі данада басып шығарады және некені бұзу туралы куәлікті қалыптастырады.

Некені бұзуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негізі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға екі күнтізбелік күн ішінде некені бұзуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден

бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша позициясын білдіруіне мүмкіндік беру үшін өткізілетін тыңдаудың уақыты, күні мен орны туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама некені бұзуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлік береді немесе некені бұзуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

30. Хабар-ошарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз деп танылған немесе қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адаммен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтініш түскен күннен бастап бір апта мерзімде ол туралы хабарламаны алған күннен бастап қырық бес күн мерзімді белгілей отырып, қамауда отырған жұбайын не әрекетке қабілетсіз жұбайының қорғаншысын немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған жұбайының мүлкінің қорғаншысын хабардар етеді. Осы мерзім ішінде олар некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініш бойынша өздерінде дау болғаны туралы жазбаша хабарлауға құқылы.

Белгіленген мерзімде жауаптың болмауы, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан бас тарту некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға кедергі болып табылмайды.

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлік көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға онда көрсетілген мәліметтер шығыстар журналына енгізілгеннен кейін беріледі.

31. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркегеннен кейін көрсетілетін қызметті беруші некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы хабарламаны неке қиюды тіркеу орны бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) аумақтық әділет органына жібереді.

32. Некені бұзуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту некені бұзуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

33. Министрлік Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

34. Көрсетілетін қызметті алушыдан қабылданған құжаттар, сондай-ақ акті жазбаларының екі данасы бір апталық мерзімде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Астана қаласы Әділет департаментіне мұрағатқа сақтауға жіберіледі.

35. Ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші негізінде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды өкілдер арқылы мемлекеттік тіркеуге жол берілмейді.

36. Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде шығарылған некені бұзу туралы заңды күшіне енген сот шешімімен жүгінген жағдайда, Кодекске сәйкес қабылданған құжаттар неке қию туралы акт жазбасының берілген жері бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) аумақтық әділет органына некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы белгі қою үшін жіберіледі.

5-тарау. "Шетелде қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

37. Қайтыс болу мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес Кодекстің 273-бабында көрсетілген адамдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) қайтыс болуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген қажетті құжаттармен қоса, жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушіге немесе порталға электрондық нысанда береді.

Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші "салыстыру үшін" белгісімен қайтыс болуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттардың көшірмелерін жасайды, содан кейін құжаттардың түпнұсқаларын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Қайтыс болуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде үш жұмыс күнін, портал арқылы өтініш берген кезде бір жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушы порталға жүгінген кезде қайтыс болуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылдану мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ қайтыс болуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін алу күні мен уақытын көрсетумен хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

38. Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті толтыру кезінде мәліметтерді және/немесе құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады және құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Жіберілген кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттар жалпы негіздерде қайта беріледі.

39. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдауды және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес өтініштерді есепке алу журналында тіркеуді жүзеге асырады және өтініш берушіге оны алған күні, қабылдаған адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) және құжаттар топтамасын қабылдау уақыты көрсетілген тіркеу туралы белгісі бар өтініш бланкісінің жыртып алынатын талонын береді.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тапсырған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде алынған құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді және деректерді АХАЖ АЖ-ға енгізеді. АХАЖ АЖ-ға қолжетімділік болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыдан қабылданған құжаттардың электрондық көшірмелерін ҚР СІМ КҚД жауапты қызметкеріне деректерді АХАЖ АЖ-ға енгізу үшін электрондық пошта арқылы жібереді.

"Белгілер үшін" деген бағанда АХАЖ АЖ-да көрсетілетін қызметті алушының туыстық дәрежесі немесе Кодекстің 273-бабында көрсетілген адамдардың санаты көрсетіледі.

Егер қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу адамды қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімінің негізінде жүргізілген жағдайда, ол қайтыс болған күні қайтыс болу туралы актілік жазбада сот шешімінің заңды күшіне енген күні немесе сот шешімімен белгіленген күн көрсетіледі.

АХАЖ АЖ-да мемлекеттік тіркеуден кейін көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде актілік жазбаны екі данада басып шығарады және қайтыс болу туралы куәлікті немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты қалыптастырады. Тіркеу кезінде акт жазбасы АХАЖ АЖ арқылы мұрағатқа жіберіледі.

Өтінішті портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде алынған құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді, көрсетілетін қызметті алушыға қайтыс болуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып хабарлама жібереді, деректерді АХАЖ АЖ-ға енгізеді, актілік жазбаны екі данада басып шығарады және қайтыс болу туралы куәлікті қалыптастырады.

Қайтыс болу туралы куәлік Кодекстің 273-бабында көрсетілген адамдарға беріледі.

Қайтыс болу туралы куәлікте көрсетілген мәліметтер шығыстар журналына енгізіледі, содан кейін өтініш берушіге куәлік беріледі.

Қайтыс болуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негізі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға екі күнтізбелік күн ішінде қайтыс болуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша позициясын білдіруіне мүмкіндік беру үшін өткізілетін тыңдаудың уақыты, күні мен орны туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама қайтыс болуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші қайтыс болу туралы куәлік береді немесе қайтыс болуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

40. Қайтыс болуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту қайтыс болуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

41. Министрлік Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

42. Көрсетілетін қызметті алушыдан қабылданған құжаттар, сондай-ақ акт жазбаларының екі данасы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Астана қаласы Әділет департаментіне бір апталық мерзімде мұрағатқа сақтауға жіберіледі.

6-тарау. "Шетелде азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

43. Өздеріне қатысты қайталама куәліктер, азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтамалар (бұдан әрі – анықтамалар) берілген адамдар немесе олардың сенім білдірілген адамдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге қайталама куәліктер беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес жазбаша нысанда өтініш береді.

44. Он алты жасқа дейінгі балаларға туу туралы куәлікті, анықтаманы қайта беруге өтінішті көрсетілетін қызметті берушіге ата-аналары, қорғаншылары, бала асырап алушылары, қамқоршылары және балалары тәрбиеленіп жатқан балалар мекемелерінің әкімшілігі береді. Он алты жастан асқан, бірақ он сегіз жасқа толмаған және жеке басын куәландыратын құжатты алмаған балаларға қайталама куәліктерді алуға өтініш ата-анасының біреуінің не қамқоршысының қатысуымен, олар жеке басын куәландыратын құжатты не цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) электрондық құжатты ұсынған кезде беріледі.

Қайтыс болу туралы қайталама куәліктер беруге арналған өтініштер Кодекстің 273-бабында көрсетілген адамдарға беріледі.

45. Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші "салыстыру үшін" белгісімен қайталама куәліктер беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттардың көшірмелерін жасайды, содан кейін құжаттардың түпнұсқаларын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Қайталама куәліктер беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі үш жұмыс күнін құрайды.

46. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тапсырған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде АХАЖ АЖ-да акт жазбасының болуын тексереді. АХАЖ АЖ-дағы акт жазбасының негізінде көрсетілетін қызметті беруші бастапқы куәлікті (ол болған кезде)

ала отырып, азаматтық хал актісін мемлекеттік тіркеу туралы қайталама куәлікті береді

Қайталама куәліктер акт жазбаларына дәл сәйкестікте жазылады. Жергілікті жерлердің атаулары қолданыстағы әкімшілік-аумақтық бөлініске дәл сәйкестікте, тіркеу орны – қазіргі әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша азаматтық хал актісін тіркеген орган, беру орны – көрсетілетін қызметті берушінің атауы көрсетіледі.

Егер акт жазбасында ұлты, азаматтығы туралы мәліметтер болмаса, онда берілетін қайталама куәліктердің тиісті бағандары толтырылмайды.

Қайталама куәліктер немесе анықтамалар азаматтық хал актісін мемлекеттік тіркеу орнына қарамастан қағаз түрінде беріледі, оған консулдық лауазымды адам қол қояды және елтаңбалы мөрмен бекітіледі. Анықтамалар осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

47. Егер АХАЖ АЖ-да акт жазбасы болмаған не Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінде АХАЖ АЖ-ға қолжетімділік болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші тікелей немесе ҚР СІМ КҚД арқылы азаматтық хал актісін мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органына (бұдан әрі – тіркеуші орган) құжаттарды қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде сұраныс жолдайды. ҚР СІМ КҚД құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде тіркеуші органына жолдайды.

Тіркеуші орган тексеруді үш жұмыс күні ішінде жүргізеді. Тіркеуші органының мұрағатында жазба болған жағдайда он күнтізбелік күн ішінде АХАЖ АЖ-не азаматтық хал актілері жазбасын енгізу бойынша шаралар қабылдайды.

Содан кейін, көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде қайталама куәлік немесе хал актілерін тіркеу туралы анықтама жазады.

Аумақтық әділет органының мұрағатында жазба болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға азаматтық хал актісінің жазбасын қалпына келтіру туралы өтініш беру туралы ұсынымдармен бірге азаматтық хал актісі жазбасының жоқтығы туралы хабарлайды.

48. Қайталама куәліктер азаматтық хал актісін тіркеу туралы жазба жасалған адамдарға қатысты беріледі.

Берілетін қайталама куәліктердің бірінші бетінің жоғарғы жағында "Қайталама" деп көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес берілген сенімхаты болған кезде қайталама куәлік заңды өкіліне беріледі.

49. Қайталама куәліктер беру бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негізі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға екі күнтізбелік күн ішінде қайталама куәліктер беру бойынша мемлекеттік

қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша позициясын білдіруіне мүмкіндік беру үшін өткізілетін тыңдаудың уақыты, күні мен орны туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама қайталама куәліктер беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәлікті немесе анықтаманы береді не қайталама куәліктер беру бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

50. Қайталама куәліктер беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту қайталама куәліктер беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

51. Министрлік Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

7-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

52. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шағымның қаралуын жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды шағым қарайтын органға жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті алушыдан көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағым Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Көрсетілетін қызметті алушыдан шағымды қарайтын органның атына келіп түскен шағым тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жүгінуге жол беріледі.

Шетелде азаматтық хал
актілерін тіркеу саласында
мемлекеттік қызметтерді
көрсету қағидаларына
1-қосымша

"Шетелде баланың тууын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Мемлекеттік қызметтің атауы: "Шетелде баланың тууын мемлекеттік тіркеу"		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) қазақстандық үлгідегі неке қию туралы куәлігі бар, ата-анасы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын баланың тууын тіркеу кезінде – "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Жеке тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 5 (бес) жұмыс күні. Порталға жүгінген кезде – 3 (үш) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету түрі	Электронды (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Туу туралы куәлік немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
		Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Шет мемлекеттің аумағында консулдық іс-әрекеттер жасағаны үшін консулдық алым ставкаларын бекіту туралы"

6	<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу әдісі</p>	<p>Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2019 жылғы 20 мамырдағы № 11-1-4/227 бұйрығына сәйкес консулдық алым мөлшерлемелері бойынша ақылы негізде көрсетіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18702 тіркелген).</p> <p>Консулдық алымды төлеу қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Консулдық алымды төлеуден босату шарты "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес реттеледі.</p>
7	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі</p>	<p>1) көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін.</p> <p>Құжаттарды қабылдауды көрсетілетін қызметті беруші сағат 09:30-дан 12:30-ға дейін, ал мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді сағат 16:00-ден 17:00-ге дейін жүзеге асырады.</p> <p>. Сәрсенбі – қабылдамайтын күн.</p> <p>Климаты ыстық және ылғалды шет мемлекеттерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің жұмыс кестесі жергілікті жағдайларға қатысты белгіленеді.</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады, көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы арқылы кезекті броньдауға болады.</p>

Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

2) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

1. Баланың тууын тіркеу үшін екі ай ішінде, ал бала өлі туылған жағдайда – туған сәттен бастап бес тәуліктен кешіктірмей, көрсетілетін қызметті берушіге мыналарды беру қажет:

Көрсетілетін қызметті берушіге:

1) Шетелде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 5-қосымшасына сәйкес баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;

2) ата-анасының жеке басын куәландыратын құжаттар немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (салыстыру үшін);

3) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат;

4) егер баланың ата-анасының бірі шет мемлекеттің азаматы болып табылса, қазақстандық үлгідегі куәлік алуға нотариалды расталған келісім;

5) егер ата-анасының біреуі шет мемлекеттің азаматы болып

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

табылса, құжаттың мемлекеттік немесе орыс тіліне нотариалды расталған аудармасы;

6) ата-анасының неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлігінің көшірмесі (салыстыру үшін);

7) баланың туу туралы медициналық куәлігі немесе баланың туу фактісін анықтау туралы сот шешімінің көшірмесі не туу туралы куәліктің түпнұсқасы (салыстыру үшін) не баланың туу туралы актілік жазбаның көшірмесі;

8) консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы. Баланың тууын тіркеу мерзімі бұзылған жағдайда ата-аналардың еркін түрде жазылған жазбаша түсініктемесі қосымша ұсынылады.

2. Әке болуды анықтаумен байланысты туу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда:

1) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес әкелікті анықтауға байланысты тууды мемлекеттік тіркеу туралы актілік жазбаға өзгерістер, толықтырулар енгізу туралы өтініш;

2) консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы.

3. Порталға (қазақстандық үлгідегі неке қию туралы куәлігі бар, ата-анасы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын баланың тууын тіркеу кезінде):

1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған Қазақстан Республикасында тіркелген азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсете отырып, баланың тууын шетелде мемлекеттік тіркеу туралы электрондық өтініш;

2) туу туралы медициналық куәліктің не шетелдік үлгідегі туу

		<p>туралы куәліктің электрондық көшірмесі не туу туралы актілік жазбаның немесе баланың туу фактісін анықтау туралы сот шешімінің көшірмесі;</p> <p>3) консулдық алым төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.</p> <p>Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не оған арнайы уәкілетті тұлға өз құзыреті шегінде және белгіленген нысан бойынша берген немесе куәландырған шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген құжаттар арнайы куәлік (заңдастыру немесе апостильдеу) рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен ратификацияланған, 1993 жылғы 22 қаңтарда Минск қаласында жасалған Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға және Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған, 2002 жылғы 7 қазанда Кишинев қаласында жасалған Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға қатысушы елдер үшін талап етілмейді).</p> <p>Қазақстан Республикасынан тыс тиісті шет мемлекеттің тілінде берілген құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылуға жатады.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері</p>	<p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің белгілі болуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің осы Қағидалардың 2-тарауындағы талаптарына сәйкес келмеуі;</p>

		3) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет" бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының нөмірі – 1414, 8 800 080 7777.

Шетелде азаматтық хал
актілерін мемлекеттік тіркеу
саласында мемлекеттік
қызметтерді көрсету
қағидаларына
2-қосымша

"Шетелде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Мемлекеттік қызметтің атауы: "Шетелде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу"		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы; 2) Қазақстан Республикасының азаматтары арасындағы некені алғашқы тіркеу кезінде - www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
		1) жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы)

3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	<p>көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап қызмет көрсету мерзімі – күнтізбелік он бес күн өткен соң;</p> <p>2) некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың бірлескен өтініші бойынша тиісті құжаттармен расталған ерекше мән-жайлар (жүктілік, бала туу, тараптардың бірінің өміріне тікелей қатер төнген және басқа да ерекше мән-жайлар) болған кезде көрсетілетін қызметті беруші неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша күнтізбелік он бес күн өткенге дейін неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) тағайындайды не көрсетілетін қызметті алушылардың жазбаша өтініші негізінде бұл мерзімді күнтізбелік он бес күннен асырмай ұзартады;</p> <p>3) ерекше мән-жайлар (жүктілік, бала туу, тараптардың бірінің өміріне тікелей қауіп төнген және басқа да ерекше мән-жайлар) болған кезде некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың қалауы бойынша неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеудің себептері және растайтын құжаттарын міндетті түрде көрсете отырып, өтініш берілген күні жүргізіледі.</p>
4	Мемлекеттік қызмет көрсету түрі	Электронды (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
		Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Шет мемлекеттің аумағында консулдық іс-әрекеттер жасағаны үшін консулдық алым ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы

6	<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу әдісі</p>	<p>істер министрінің 2019 жылғы 20 мамырдағы № 11-1-4/227 бұйрығына сәйкес консулдық алым мөлшерлемелері бойынша ақылы негізде көрсетіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18702 тіркелген).</p> <p>Консулдық алымды төлеу қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Консулдық алымды төлеуден босату шарты "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес реттеледі.</p>
7	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі</p>	<p>1) көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін.</p> <p>Құжаттарды қабылдауды көрсетілетін қызметті беруші сағат 09:30-дан 12:30-ға дейін, ал мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді сағат 16:00-ден 17:00-ге дейін жүзеге асырады.</p> <p>. Сәрсенбі – қабылдамайтын күн.</p> <p>Климаты ыстық және ылғалды шет мемлекеттерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің жұмыс кестесі жергілікті жағдайларға қатысты белгіленеді.</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады, көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы арқылы кезекті броньдауға болады.</p>

Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

2) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

1. Неке жасына жеткен адамдар көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

1) Шетелде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу саласында мемлекеттік қызмет көрсету, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру қағидаларына (бұдан әрі – Қағида) 10-қосымшаға сәйкес некеге тұру (ерлі-зайыпты болу) туралы өтініш;

2) некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттар немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (салыстыру үшін);

3) Қазақстан Республикасының азаматы мен шетелдіктің некесін тіркеу кезінде, жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынумен қатар, құжат мәтінінің қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы ұсынылады;

4) некеге тұрушылардың (ерлі-зайыпты болушылардың) некеге құқықтық қабілеттілігі туралы анықтамалар (АХАЖ АЖ да өтініш берушілер туралы мәліметтер болған кезде талап етілмейді);

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

5) бұрынғы некенің тоқтатылғанын растайтын құжат (бар болса): некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлік немесе заңды күшіне енгені туралы белгісі бар некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы сот шешімі, жұбайының қайтыс болуы туралы куәлік не некені жарамсыз деп тану туралы сот шешімі, ерлі-зайыптылардың бірін қайтыс болды деп жариялау немесе хабар-ошарсыз кетті деп тану (салыстыру үшін);

6) консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеу мерзімін қысқарту немесе ұзарту қажет болған кезде мерзімді қысқарту немесе ұзарту негіздерін растайтын құжат: жүктілік туралы дәрігерлік-біліктілік комиссияның анықтамасы, денсаулық жағдайы туралы анықтама, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, басқа да ерекше жағдайларды растайтын қосымша құжаттар ұсынылады.

2. Егер некеге (ерлі-зайыптылыққа) жасы толмаған адамдар тұрса, қосымша:

1) неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы өтінішті Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ата-аналар не қорғаншылар (қамқоршылар) неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету қажеттілігін туындататын себептерді көрсете отырып және осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген қажетті құжаттармен қоса береді;

2) неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету себептерін растайтын құжаттар (жүктілік туралы дәрігерлік-біліктілік комиссиясының анықтамасы, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, кәмелетке толмаған ата-анасының туу туралы куәлігінің көшірмесі, кәмелетке

толмағандардың ата-анасының неке қию/некені бұзу туралы куәлігінің көшірмесі, кәмелетке толмағандардың ата-анасының және кәмелетке толмаған азаматтардың өздерінің жеке басын куәландыратын құжаттар);

3) некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың заңды өкілдерінің келісімі);

4) кәмелетке толмаған ата-анасының туу туралы куәлігі, кәмелетке толмағандардың ата-анасының неке қию/ некені бұзу туралы куәлігі, кәмелетке толмағандардың ата-анасының және кәмелетке толмаған азаматтардың өздерінің жеке басын куәландыратын құжаттары) (салыстыру үшін).

3. Порталға (Қазақстан Республикасының азаматтары арасындағы некені алғашқы тіркеу кезінде):

1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған некеге отыру (ерлі-зайыпты болуы) туралы электрондық өтініш;

2) консулдық алым төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не оған арнайы уәкілетті тұлға өз құзыреті шегінде және белгіленген нысан бойынша берген немесе куәландырған шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген құжаттар арнайы куәлік (заңдастыру немесе апостильдеу) рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен ратификацияланған, 1993 жылғы 22 қаңтарда Минск қаласында жасалған Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға және Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған, 2002 жылғы 7 қазанда Кишинев қаласында

		<p>жасалған Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға қатысушы елдер үшін талап етілмейді).</p> <p>Қазақстан Республикасынан тыс тиісті шет мемлекеттің тілінде берілген құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылуға жатады.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындаған мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері</p>	<p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің белгілі болуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің осы Қағидалардың 3-тарауындағы талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті берушіде "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 226-бабының 5-тармағына сәйкес неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) кедергі келтіретін мән-жайлардың болуын растайтын дәлелдемелердің болуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.gov.kz</p>

	көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет" бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының нөмірі – 1414, 8 800 080 7777.
--	--	---

Шетелде азаматтық хал
актілерін мемлекеттік тіркеу
саласында мемлекеттік
қызметтерді көрсету
қағидаларына
3-қосымша

"Шетелде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Мемлекеттік қызметтің атауы:		
"Шетелде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу"		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) кәмелетке толмаған балалары жоқ ерлі - зайыптылардың өзара келісімі бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу кезінде – www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсету мерзімі бірлескен өтініш берген күннен бастап бір ай мерзім өткен соң; 2) хабар-ошарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз деп танылған немесе қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адаммен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу екінші жұбайының көрсетілетін қызметті берушіден қамаудағы не әрекетке қабілетсіз жұбайының қорғаншысынан немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған жұбайының мүлкіне қорғаншыдан хабарлама алған күннен бастап қырық бес күн

		<p>мерзім өткен соң жүзеге асырылады.</p> <p>3) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында белгіленген құжаттарды қосымша тексеру қажет болған кезде көрсетілетін қызметті алушыны қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде хабардар ете отырып, қызмет көрсету мерзімі күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге ұзартылады.</p>
4	Мемлекеттік қызмет көрсету түрі	Электронды (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлік немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу әдісі	<p>Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Шет мемлекеттің аумағында консулдық іс-әрекеттер жасағаны үшін консулдық алым ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2019 жылғы 20 мамырдағы № 11-1-4/227 бұйрығына сәйкес консулдық алым мөлшерлемелері бойынша ақылы негізде көрсетіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18702 тіркелген).</p> <p>Консулдық алымды төлеу қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Консулдық алымды төлеуден босату шарты "Салық және бюджетке төленетін басқа да</p>

		<p>міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексіне сәйкес реттеледі.</p>
<p>7</p>	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі</p>	<p>1) көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін.</p> <p>Құжаттарды қабылдауды көрсетілетін қызметті беруші сағат 09:30-дан 12:30-ға дейін, ал мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді сағат 16:00-ден 17:00-ге дейін жүзеге асырады . Сәрсенбі – қабылдамайтын күн.</p> <p>Климаты ыстық және ылғалды шет мемлекеттерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің жұмыс кестесі жергілікті жағдайларға қатысты белгіленеді.</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады, көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы арқылы кезекті броньдауға болады .</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.</p> <p>2) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>Көрсетілетін қызметті берушіге:</p>

1. Кәмелетке толмаған балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу үшін:

1) Шетелде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу саласында мемлекеттік қызмет көрсету, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 13-қосымшасына сәйкес некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;

2) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзған адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттар немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттар (салыстыру үшін);

3) неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік;

4) консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы.

2. Хабар-ошарсыз кеткен немесе әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдармен не қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдармен сот шешімі негізінде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу үшін:

1) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес жұбайын хабар-ошарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғаны туралы сот үкімінің негізінде жұбайлардың бірінің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініші ;

2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (салыстыру үшін);

3) жұбайын хабар-ошарсыз кеткен немесе әрекетке қабілетсіз деп

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

тану не қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыру туралы соттың заңды күшіне енген сот шешімі немесе сот үкімі (салыстыру үшін);

4) неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік;

5) консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы.

3. Порталға (кәмелетке толмаған балалары жоқ ҚР азаматтарының, ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу кезінде):

1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған Қазақстан Республикасында тіркелген азаматтық хал актілерін тіркеу туралы мәліметтерді көрсете отырып, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы электрондық өтініш;

2) консулдық алым төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не оған арнайы уәкілетті тұлға өз құзыреті шегінде және белгіленген нысан бойынша берген немесе куәландырған шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген құжаттар арнайы куәлік (заңдастыру немесе апостильдеу) рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен ратификацияланған, 1993 жылғы 22 қаңтарда Минск қаласында жасалған Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға және Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған, 2002 жылғы 7 қазанда Кишинев қаласында жасалған Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық

		<p>қатынастар туралы конвенцияға қатысушы елдер үшін талап етілмейді).</p> <p>Қазақстан Республикасынан тыс тиісті шет мемлекеттің тілінде берілген құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылуға жатады.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері</p>	<p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің белгілі болуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің осы Қағидалардың 4-тарауындағы талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет" бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының нөмірі – 1414, 8 800 080 7777.</p>

Шетелде азаматтық хал
актілерін мемлекеттік тіркеу
саласында мемлекеттік

"Шетелде қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Мемлекеттік қызметтің атауы: "Шетелде қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу"		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы; 2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Жеке тұлғаның (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) құжаттар топтамасын тапсырған күнінен бастап көрсетілетін қызметті берушіге көрсету мерзімі – 3 (үш) жұмыс күні, портал арқылы өтініш берген кезде бір жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету түрі	Электронды (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Қайтыс болуы туралы куәлік немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу әдісі	Тегін.
		1) көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін. Құжаттарды қабылдауды көрсетілетін қызметті беруші сағат 09:30-дан 12:30-ға дейін, ал

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі

мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді сағат 16:00-ден 17:00-ге дейін жүзеге асырады . Сәрсенбі – қабылдамайтын күн. Климаты ыстық және ылғалды шет мемлекеттерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің жұмыс кестесі жергілікті жағдайларға қатысты белгіленеді. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады, көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы арқылы кезекті броньдауға болады .

Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

1. Көрсетілетін қызметті берушіге:

1) Шетелде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу саласында мемлекеттік қызмет көрсету, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 15-қосымшасына сәйкес қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;
2) медициналық ұйым берген қайтыс болуы туралы белгіленген нысандағы құжат немесе қайтыс болу фактісін анықтау туралы

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

немесе адамды қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі (салыстыру үшін);

3) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

4) көрсетілетін қызметті алушының өкілі өтініш білдірген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат;

5) қажет болған жағдайда жақын туыстығын растайтын құжат (салыстыру үшін).

2. Порталға:

1) қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы электрондық өтініш ;

2) медициналық ұйым берген қайтыс болу туралы белгіленген нысандағы құжаттың электрондық көшірмесі не қайтыс болу фактісін анықтау туралы немесе адамды қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі;

3) қажет болған жағдайда жақын туыстықты растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не оған арнайы уәкілетті тұлға өз құзыреті шегінде және белгіленген нысан бойынша берген немесе куәландырған шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген құжаттар арнайы куәлік (заңдастыру немесе апостильдеу) рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен ратификацияланған, 1993 жылғы 22 қаңтарда Минск қаласында жасалған Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға және Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған, 2002 жылғы 7 қазанда Кишинев қаласында жасалған Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға қатысушы елдер үшін талап етілмейді).

		Қазақстан Республикасынан тыс тиісті шет мемлекеттің тілінде берілген құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылуға жатады.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындаған мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері	1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің белгілі болуы; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің осы Қағидалардың 6-тарауындағы талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімнің болмауы.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет" бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының нөмірі – 1414, 8 800 080 7777.

Шетелде азаматтық хал
актілерін мемлекеттік тіркеу
саласында мемлекеттік
қызметтерді көрсету қағидаларға
5-қосымша

**"Шетелде азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру
" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

Мемлекеттік қызметтің атауы: "Шетелде азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру".

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:

1. Туу туралы қайталама куәлік беру;
2. Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы қайталама куәлік беру;
3. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы қайталама куәлік беру;
4. Қайтыс болу туралы қайталама куәлік беру;
5. Туу туралы анықтама беру;
6. Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы анықтама беру;
7. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы анықтама беру;
8. Қайтыс болуы туралы анықтама беру;
9. Некеге құқық қабілеттілігі туралы анықтама беру.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Мемлекеттік қызметтің барлық кіші түрлері бойынша – көрсетілетін қызметті беруші арқылы.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:	Жеке тұлғаның (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күнінен бастап көрсету мерзімі – 3 (үш) жұмыс күні ішінде. АХАЖ АЖ-да акт жазбасы болмаған кезде қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушыны 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде (өтінішті қарау мерзімі ұзартылған кезде) хабардар ете отырып, күнтізбелік 20 (жиырма) күннен аспайтын мерзімге ұзартылады.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету түрі	Мемлекеттік қызметтің барлық кіші түрлері бойынша – қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы қайталама куәлік немесе анықтама не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
		Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Шет мемлекеттің аумағында консулдық іс-әрекеттер жасағаны үшін консулдық алым

6	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу әдісі	<p>ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2019 жылғы 20 мамырдағы № 11-1-4/227 бұйрығына сәйкес консулдық алым мөлшерлемелері бойынша ақылы негізде көрсетіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18702 тіркелген).</p> <p>Консулдық алымды төлеу қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Консулдық алымды төлеуден босату шарты "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексіне сәйкес реттеледі.</p>
